

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

24.05.2022 жылы жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы болып өтті. Комиссия отырысына «АМАНАТ» партиясынан, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан және «Ақ жол» партиясынан сайланған аудандық мәслихат депутаттары, Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Н.Оспанов, аудан әкімінің орынбасары Б.Полатов, қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен ауданның дербес бөлім басшылары қатысты.

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №16-115-VII «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы;
2. Сарыағаш ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы;
3. 2021 жылға арналған Сарыағаш аудандық бюджетінің орындалуы туралы;
4. Сарыағаш ауданының «2021-2025» жылдарға арналған әлеуметтік – экономикалық даму бағдарламасының орындалуы туралы;
5. Қала, кент, ауылдық округтері әкімдіктерінің 2021 жылға арналған бюджеттерінің орындалуы туралы;
6. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы мақұлдаған Сарыағаш ауданы бойынша 2021 жылғы Сарыағаш аудандық бюджетінің атқарылуы туралы;
7. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы мақұлдаған Сарыағаш ауданының қала, кент, ауылдық округтері әкімдіктерінің 2021 жылға арналған бюджеттерінің атқарылуы туралы.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашылар баяндама жасап, мәселелер толығымен талқыланды. Баяндамашыға сұрақтар қойылып, тиісті ұсыныстар берілді. Күн тәртібіндегі 1 және 2 мәселелер аудандық мәслихатының кезектен тыс XXI сессиясына, 3,4,5,6,7 мәселелер аудандық мәслихатының кезекті сессиясына жіберілді.